

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТТІҢ
АТҚАРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП КОМИТЕТІ**



АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

**Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың
2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске
асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға
бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу**

**Нұр-Сұлтан
2020**

МАЗМҰНЫ

	бет
I. Кіріспе бөлік	
1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы:	3
1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты	3
1.3 Мемлекеттік аудит объектілері	3
1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең	3
II. Негізгі (талдамалық) бөлік	3
2.1 Аудиттелетін саланың жай-күйіне қысқаша талдау	3
2.2 Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері	6
2.3 Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға бағытталған қаражатты жоспарлау мен пайдаланудың негізділігі мен тиімділігі.	24
2.4 Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалы	25
III. Қорытынды бөлік	28
3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар	28
3.2 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қорытындылар	29
3.3 Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар	31
3.4 Қосымшалар	33

**Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрайымы
Н.Н. Годуноваға**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері: «ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі» республикалық мемлекеттік мекемесі (ИИДМ, Министрлік), «Qazindustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ (Qazindustry), «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры» АҚ («ИТП» ДКҚ). Үстеме аудит объектілері: ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ («ИТТО» АҚ), ҚР Сыртқы істер министрлігінің «Инвестициялар комитеті» РММ («Коминвест» РММ), «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ («ҚДБ» АҚ).

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2015 жылғы 1 қаңтар - 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығы, дағдарысқа қарсы қаражат бойынша - 2020 жылғы 1 қаңтар - 31 шілде аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жағдайын қысқаша талдау.

Қазақстанның қуатты шикізат және жер қорларының, сондай-ақ стратегиялық транзиттік әлеуеттің иесі ретінде әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруге барлық мүмкіндігі бар. Ұлттық экономиканың қарқынын арттыру, әртараптандыру және жаңғырту жолымен оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мемлекетіміздің тәуелсіздік алғаннан бергі негізгі мақсаттары болып табылады.

Экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шикізат экспортына тәуелділікті азайту және өңдеу өнеркәсібін дамыту жөнінде белгілі бір шаралар қабылдады.

Мәселен, 2003 жылы, негізінен, шикізаттық бағыттылықтан сервистік-технологиялық экономикаға көшу жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы бекітілген. Стратегияны 3 кезеңде іске асыру көзделді: 1-кезең 2003 жылдан бастап 2005 жылға дейін; 2-кезең 2006 жылдан бастап 2010 жылға дейін; 3-кезең 2011 жылдан бастап 2015 жылға дейін.

Сонымен қатар, 2010 жылы Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы өзінің көздеген мақсатының соңына қол жеткізбей, күші жойылды.

Осы жылы Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (*бұдан әрі - ҮИИДМБ*) әзірленіп, бекітілді. Оның мақсаты экономиканы әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы орнықты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

ҮИИДМБ іске асыру үшін барлығы шамамен 25 түрлі салалық бағдарлама әзірленді, Индустрияландыру картасы және ҚР өндірістік қуаттарын оңтайлы орналастырудың 2015 жылға дейінгі схемасы бекітілді, ҮИИДМБ іске асыру қорытындылары бойынша индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесі 77%-ті құрады.

2015 жылы Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (*бұдан әрі - ИИДМБ/мемлекеттік бағдарлама*) шеңберінде өңдеу өнеркәсібін әртараптандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша кезекті шаралар кешені қабылданды.

Алдыңғы құжаттардағыдай ИИДМБ-ның негізгі міндеттері еңбек өнімділігін арттыру, экспортқа бағдарлану және өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялар көлемін ұлғайту, сондай-ақ инновациялық-белсенді бизнестің сындарлы массасын құру болып айқындалды.

2010-2014 жылдар кезеңінде шығыстардың 86,2%-і (4 268 792,9 млн.теңгенің 3 678 034,7 млн. теңгесі) инфрақұрылымдық жүйе объектілерін дамытуға бағытталды, индустрияландыру мақсаттарына 13,8% (590 758,3 млн. теңге) жұмсалды.

Соңғы 10 жылда (2010 жылдан 2019 жылға дейін) талданып отырған бағдарламалар шеңберінде индустриялық-инновациялық жүйені дамытуға бағытталған іс-шараларды қаржыландыру көлемі 5 029,7 млрд.теңгені құрады (соның ішінде: 2010-2014 жылдары 4 268,8 млрд. теңгені; 2015-2019 жылдары 760,9 млрд. теңгені).

Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері 2010 - 2019 жылдары жалпы құны 7,2 трлн. теңге болатын шамамен 1 320 инвестициялық жобаны (соның ішінде 2015-2019 жылдары сомасы 4,2 трлн. теңгеге 550) іске асырды, 120 мың тұрақты жұмыс орны құрылды (ИИДМБ кезеңінде 46,6 мың тұрақты жұмыс орны).

2015-2019 жылдары іске асырылған жобалар бойынша өнеркәсіп көлемі 3 963,9 млрд.теңгені құрады, оның 71,4%-і өңдеуші өнеркәсіпке (2 832 млрд. теңге) тиесілі болды. Инвестициялық жобалардың жартысына жуығы (49,1%) екі 2 салада - тамақ өнеркәсібінде (154 жоба) және құрылыс материалдары өндірісінде (116 жоба) іске асырылды. Тартылған инвестициялар көлемі бойынша тау-кен

өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді қазу жобалары - 1 075 млрд.теңгені, мұнай-химия өнеркәсібі жобалары -1 453,3 млрд. теңгені құрады.

Кәсіпкерлік кодексте индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың 15 шарасын жүзеге асыру көзделген, олардың үштен бір бөлігі ғана (5 шара) тиімділігі жоғары болып табылады, қалған бөлігінің тиімділік деңгейі орташа және төмен.

*Анықтама ретінде: **тиімділігі жоғары шаралар:** қоса қаржыландырумен бірге алғанда, жобаларды қаржыландыру, лизингтік қаржыландыру; қарыздар бойынша кепілдік міндеттемелер және кепілдімелер ұсыну; қаржы институттары беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін және облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау; отандық өңделген тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің экспортын дамыту және ілгерілету (сервистік қолдау); жер учаскелерін және жер қойнауын пайдалану құқықтарын беру.*

***Тиімділігі орташа шаралар:** қаржы институттары арқылы кредит беру; инновациялық гранттар беру; білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету; шетелдік инвестицияларды тарту; ішкі нарықта қолдау; қаржы-экономикалық сауықтыру шеңберінде берешекті қайта құрылымдау; еңбек өнімділігін арттыруды және аумақтық кластерлерді дамытуды қолдау.*

***Тиімділік деңгейі төмен шаралар:** жарғылық капиталдарға инвестицияларды жүзеге асыру; кепілдендірілген тапсырыс.*

Мемлекеттік қолдаудың әрбір шарасы бойынша деректерді тиімді мониторингілеу және талдау үшін салалық көрсеткіштерге (еңбек өнімділігі, экспорт көлемі, өндіріс тиімділігін арттыру, инновациялық белсенділік, жалпы қосылған құн) әсерін бағалайтын белгілі бір өлшемшарттарды көздеген орынды.

Мемлекеттік бағдарламаның экспортқа және (немесе) өз еңбегінің өнімділігін тұрақты арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриялық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз етуге бағдарланғанына қарамастан, «экспортқа бағдарлану» және «еңбек өнімділігі» өлшемшарттары Кәсіпкерлік кодексте 2019 жылғы сәуірде ғана айқындалды, бұл ретте олар ИИДМБ іске асыру кезеңінде негізгі болып табылды.

«Даму» КДҚ» АҚ әзірлеген құжаттамалық аккредитивтер бойынша пост-қаржыландыру сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау тетігі Кәсіпкерлік кодекстің 94-тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде Ұлттық экономика министрлігі ескермеген. Осылайша, ИИДМБ жекелеген іс-шараларын орындау міндетті сипатқа ие болмады және тиісінше қазақстандық өнім мен экспорт көлемінің бәсекелестік артықшылықтарын арттыру бөлігінде түпкілікті нәтижеге оң әсер еткен жоқ.

Индустрияландыру картасына республикалық деңгейде мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді талап ететін жобалар енгізіледі, бұл ретте жобалар көп кезеңді іріктеу рәсімінен өтеді. Бұдан әрі, жобалар операторларының қандай да бір мемлекеттік қолдау шарасын алу үшін ішкі талаптарға сәйкестігін қарауы да ұзақ уақытты алады (жекелеген жағдайларда 1 жылға дейін және одан да көп).

Индустрияландыру картасы және ИИДМ және жергілікті жерлердегі уәкілетті органдардың өңірлерінің кәсіпкерлікті қолдау карталары арқылы индустриялық-инновациялық саланы мониторингілеу құралы іске асырылмайды. Растау ретінде – индустрияландыру картасы және өңірлер кәсіпкерлігін қолдау

шеңберінде іске асырылған жобалар туралы бастапқы деректерді жинау бойынша бекітілген нысанның және мониторинг жүргізу әдістемесінің болмауы.

Сапалы және толыққанды мониторингті қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын объективті және шынайы бағалау, сондай-ақ стратегиялық жоспарлау процесінің ашықтығы үшін ақпараттық технологияларды (*цифрландыру*) қолдану мүмкіндігімен мемлекеттік қолдау шараларын көрсету процестерін жүйелендіруді және шоғырландыруды қамтамасыз ету қажет.

ИИДМ ҮИИДМБ шеңберінде іске асырылған жобалар бойынша ақпарат ұсынды. Аудит сәтіндегі жағдай бойынша тоқтап тұрған 72 кәсіпорынның (*немесе жүктемесі төмен*) 50-і бойынша жұмыс жүргізілді және олардың өндірістік қуаттардың ағымдағы жүктемесі 50% және одан астам құрайды. Үш жоба 50%-ке дейін жұмыс істеп жатыр, олар бойынша қосымша жүктеме бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде Батыс Қазақстан облысында екі жоба, Алматы қаласында - бір жоба. Мемлекеттік қолдау шаралары - инфрақұрылым жүргізілді (*су құбыры, автожол*).

Іске қосылған және тоқтап тұрған 6 кәсіпорынның негізгі себептері - өнімге сұраныстың төмендігі, айналым қаражатының жоқтығы, кредиторлармен қаржылық проблемалар (*тоқтап тұрған жобаларды қайта іске қосу мақсатында облыстар мен қалалардың әкімдіктері әлеуетті инвесторларды іздеу бойынша жұмыстар жүргізуде*). 13 жоба бойынша одан әрі іске асырудан бас тартылды:

- банкроттыққа байланысты 2 жоба («KazCopper» ЖШС Ақтөбе облысы, «Kaztherm» ЖШС Қарағанды облысы);

- өндірісті қайта бейіндеуге байланысты 5 жоба (Ақмола облысы «Ak Su Steel» ЖШС, «Тениш» ЖШС ШҚО, «Тараз құбыр зауыты» ЖШС Жамбыл облысы, «Қазақстан мақтасы» АҚ ОҚО, «Kazcentrelectroprovod» ЖШС Қарағанды облысы);

- одан әрі қызметінің экономикалық орынсыздығына байланысты 4 жоба («Тасқара» ЖШС ШҚО, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС Қостанай облысы, «Сәуле» тігін-трикотаж фабрикасы» ЖШС Алматы қаласы, «Қазфосфат» ЖШС Жамбыл облысы);

- қаржылық проблемалар бойынша 2 жоба («Маслозавод Костанай» ЖШС Қостанай облысы, «Досжан және Компания» ЖШС Атырау облысы).

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.

ИИДМБ «Қазақстан-2050» Стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес әзірленді, ҚР өнеркәсіптік саясатының бір бөлігі болды және негізгі фокус кластерлік тәсілді қолдана отырып, күш-жігер мен ресурстарды секторлардың шектеулі санына, өңірлік мамандануға шоғырландыра отырып, өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға бағытталды.

Басым секторларды айқындау кезінде секторларға талдау жүргізілді, жергілікті нарықтың да, макроөңір нарығының да көлемі мен өсуін, сондай-ақ секторды дамытудың әлеуетті экономикалық әсерін қоса алғанда, сектор үшін нарықтық перспективалар ескерілді. Талдау нәтижелері бойынша әзірлеуші металлургия, химия, мұнай-химия, машина жасау, материалдар құрылысы, тамақ өнеркәсібі сияқты өңдеуші өнеркәсіптің 6 басым саласын таңдап алды, олар 14 секторға бөлінген: 1) қара металлургия; 2) түсті металлургия; 3) мұнай өңдеу; 4) мұнай-газ химиясы; 5) тамақ өнімдерін өндіру; 6) агрохимия; 7) өнеркәсіпке арналған химикаттар өндіру; 8) автокөлік құралдарын, олардың бөлшектерін, керек-жарақтары мен

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

қозғалтқыштарын өндіру; 9) электр машиналары мен электр жабдықтарын өндіру; 10) ауыл шаруашылығы техникасын өндіру; 11) темір жол техникасын өндіру; 12) тау-кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндіру; 13) мұнай өңдеу және мұнай өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтар өндіру; 14) құрылыс материалдарын өндіру.

Өңдеу өнеркәсібі экономиканың барлық секторларының неғұрлым әртекті саласы болып табылады. Ол 24 түрлі саладан тұрады, олар капиталды қажетсіну, еңбекті пайдалану, технологиялық деңгейімен, орналасқан жерін және тұтынушылық табиғатын таңдаумен ерекшеленеді. UNIDO дайындаған «Өнеркәсіптік даму туралы 2018 есепте» Қазақстан өңдеуші өнеркәсібі дамушы елдерге жатқызылған. Өңдеу өнеркәсібіндегі қосылған құнның көп бөлігі төмен және орта технологиялық секторларға жатады.

ИИДМБ іске асыру кезеңінде құжатқа екі рет өзгерістер енгізілді. ИИДМБ параметрлерінің өзгеруінің объективті себептерінен іске асырудың бірінші жылында оны іске асырудың экономикалық алғышарттары сыни түрде өзгергенін атап өтуге болады. Атап айтқанда, ұлттық валюта еркін айналымға шығарылды, ақша құнының одан әрі қымбаттауымен «инфляциялық таргеттеуге» бағам жарияланды, бәсекелестікті дамыту бойынша белгілі бір міндеттемелерді қабылдай отырып, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі туралы жарияланды.

Нәтижесінде, ИИДМБ-ның бастапқы мақсаты – өңдеу өнеркәсібін артараптандыруды және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыруға дейін азайтылды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы №931 Жарлығының (Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау қағидаларының 87-тармағы) іске асырудың реттілігін қамтамасыз ету, орындаушылар қызметінің бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізуге бағдарлануы, тезистік форматта қысқаша және нақты баяндалуы бөлігінде талаптары сақталмаған.

ИИДМБ өзектендірілген мақсаты еңбек өнімділігін арттыруға және өңделген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыру болды, ол есепті кезеңнің соңына (2019 жыл) саланың жай-күйін толық көлемде ашпады.

Мақсатқа қол жеткізу мынадай 4 міндетті орындау арқылы жүзеге асырылды: 1) дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау; 2) сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру; 3) экспортқа және (немесе) өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриялық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету; 4) инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау.

ИИДМБ іс-шаралар жоспарының бастапқы форматы өңдеу өнеркәсібі секторларын дамыту тұрғысынан да, қолдау шаралары тұрғысынан да жоғары нақтылаумен сипатталды. Атап айтқанда, әр сектордың басым тауарлары мен

жобалары егжей-тегжейлі жазылды. Сектор бөлімі бағдарламаның 60%-ін қамтыды.

ИИДМБ жоспарланған параметрлерінің сапасын 2016 жылы республикалық бюджеттен жоспарлы қаржы бөлуді 643,9 млрд.теңгеден 878,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайту; нысаналы индикаторларды 6-дан 4-ке дейін; міндеттерді 6-дан 4-ке дейін; іс-шараларды 313-тен 87-ге дейін ұлғайту бөлігінде түбегейлі өзгерістер енгізілгеннен кейін бағалауға болады.

Елеулі өзгерістерге қарамастан, Инвестициялар және даму министрлігі өңдеу өнеркәсібіндегі фокусты ішінара сақтап қалды, ИИДМБ міндеттері мен нысаналы индикаторларының архитектурасы қайта қаралды және жоғары нақтылаудан аулақ болу мақсатында ИИДМБ форматы өзгертілді.

ИИДМБ-ның бастапқы алты міндетін түпкілікті төртке трансформациялау ИИДМБ құрылымдық иерархиясына айқындық әкелмеді. Осылайша, *өңдеу өнеркәсібінің озық дамуы дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтағанға дейін* өзгерді, яғни іс жүзінде міндет нақтыланды және барлық өңдеу өнеркәсібін дамытудың орнына жекелеген кәсіпорындарды жаңғырту бойынша міндет қойылды.

Дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау (*алға қойылған 4 міндеттің бірі*) қазірдің өзінде құрылған тиімді базалық индустрияның болуын тұспалдайтынын атап өту қажет. Сондай-ақ, ИИДМБ тұжырымдамасы өңдеу өнеркәсібінің дәстүрлі емес, басым секторларын жаңғыртуға бағытталғаны назар аудартады.

Өңдеуші өнеркәсіптің басым секторларына технологиялылықтың жаңа деңгейін беру және инновациялық кластерлерді қалыптастыру және кәсіпкерлікті ынталандыру және өңдеуші өнеркәсіпте шағын және орта бизнесті дамыту арқылы болашақ секторларын дамыту үшін негіз жасау жөніндегі міндеттер ИИДМБ-дан алынып тасталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына («Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636) қарамастан, *басым секторларда тиімділікті арттыру және қосылған құнды ұлғайту жөніндегі* міндет алып тасталды.

ИИДМБ-ның мәлімделген және қорытынды міндеттерін салыстырмалы талдау корреляцияның және олардың арасындағы өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігін көрсетті, бұл жағдайды талдау негізінде қалыптастырылатын және жоспарлы кезеңнің соңына қарай қызмет саласындағы түйінді өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін, бағдарламаның тиісті мақсатын орындау және қол жеткізу үшін ИИДМБ міндеттерінің сәйкестігі бөлігінде Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау қағидаларына (№931) қайшы келеді.

Тұтастай алғанда, ИИДМБ әзірлеу кезінде мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы заңнаманың талаптары толық көлемде сақталмаған. Мәселен, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің кешенділігі, салааралық, салааралық және ведомствоаралық сипаттағы мәселелерді шешу деңгейін, дәрежесін көрсету бөлігінде сипаттамалары қамтамасыз етілмеген.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға 87 іс - шара көзделген, оның 80-і немесе 92%-і орындалды, 7-і (8%) орындалмаған.

Қаржыландыру көлемі 760 927,9 млн.теңгені немесе жоспарлы мәннің 99,4%-ін (765 425,5 млн. теңге) құрады. Бюджеттік бағдарламаларды ағымдағы аудитпен қамту – 124,8 млрд.теңгені құрады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ИИДМБ іс-шараларын іске асыруға 422,6 млрд. теңге бөлді. Сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар бойынша негізгі сомалар мынадай бағыттар бойынша қалыптасты: Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды салу және дамыту - 27,2 млрд. теңге; ғарыш қызметі - 49,4 млрд. теңге; «Даму» КДҚ» АҚ бюджет қаражатын бөлу - 88,6 млрд. теңге (*БЖК бағдарламасы шеңберінде*); тікелей шетелдік инвестицияларды тарту - 3,4 млрд. теңге; экспортты қолдау - 8,3 млрд. теңге; «ҰИМТ» және «Астана-жаңа қала» АЭА салу - 88,8 млрд. теңге; Назарбаев Университетінің Астана бизнес кампусының инфрақұрылымын дамыту - 4,3 млрд.теңге; басқа бағыттар бойынша - 7,0 млрд. теңге.

Міндеттерге қол жеткізу дәрежесін бағалау үшін көзделген нәтижелер көрсеткіштері 81,8%-ке орындалды (*11-ден 9-ы орындалды*):

1-міндет. «Дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау», нәтиженің барлық көрсеткіштері - 1, 1-уі орындалды.

		жоспар	іс жүзінде	
1	Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту жөніндегі жобалардың саны	16	39	Орындалды

2-міндет. «Сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру», нәтиженің барлық көрсеткіштері - 4, 4-уі орындалды.

		жоспар	іс жүзінде	
2	Жаңа ірі жобалар саны	10	44	Орындалды
3	Іске асырылған пилоттық аумақтық кластерлер саны	6	6	Орындалды
4	Global-2000/ТҰК енгізілген компаниялар тізімінен тартылған инвесторлар саны	22	28	Орындалды
5	Өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны	515,3	535	Орындалды

3-міндет. «Экспортқа және (немесе) өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриялық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету», нәтиженің барлық көрсеткіштері - 2, 1-уі орындалды, 1-уі ішінара орындалды.

		жоспар	іс жүзінде	
6	Құрылған экспорттық қазақстандық брендтер саны	4	1	Ішінара орындалды
7	Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау алған кәсіпорындар саны	141	213	Орындалды

4-міндет. «Инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда

болуы үшін алғышарттар жасау», нәтиженің барлық көрсеткіштері - 4, 2-уі орындалды.

		жоспар	іс жүзінде	
8	Өндіріске енгізілген технологиялар саны	20	22	Орындалды
9	Салалардың технологиялық міндеттерін шешуге бағытталған жобалар саны	8	4	орындалмады
10	Құрылған технологияларды дамыту орталықтарының саны	5	3	орындалмады
11	«ИТП» АЭА қатысушыларына қосу үшін кластерде инкубацияланған жаңа технологиялық компаниялардың саны	50	55	Орындалды

11 нәтиже көрсеткіштерінің 2-і орындалмай қалды - *Салалардың технологиялық міндеттерін шешуге бағытталған жобалар саны және 4-міндетке жататын Құрылған технологияларды дамыту орталықтарының саны.*

1	Өңдеуші өнеркәсіп өнімі экспортының құндық көлемінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда 19%-ға өсуі	Орындалмады. 2019 жылдың 12 айында өңдеуші өнеркәсіп өнімі экспортының құндық көлемінің нақты өсімі 2015 жылға қарай 108,5%-ды құрады, бұл жоспарлы мәннен 10,5 п. т. кем.
2	өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 22%-ға нақты өсуі	Орындалмады. Есептік деректерге сәйкес 2019 жылғы еңбек өнімділігінің нақты өсуі 2015 жылғы деңгейге қарағанда 111,7%-ды құрайды.
3	Өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялар көлемі 4,5 трлн. 2015-2019 жж. теңге	Орындалды-2015-2019 жылдарға арналған жоспар 6,8%-ға асыра орындалды.
4	Өңдеуші өнеркәсіптегі энергия сыйымдылығын 2014 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 7% - ға төмендету	Орындалды. Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2015 жылдың қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптегі энергия сыйымдылығы 2014 жылғы деңгейден 9,9%-ға төмендеді. (2016 – 12,5%, 2017 – 12,5%, 2018 – 12,7%, 2019 – 13,8%)

2 нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген кезде іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштерінің орындалуының жоғары деңгейі байқалады (*бұл ретте индикаторлардың біріне 2015 жылы іс жүзінде қол жеткізілді*). ИИДМБ ұсынылған иерархиясын салыстырмалы талдау барлық компонент арасында жеткілікті өзара іс-қимылдың, өзара әсердің және өзара байланыстың жоқтығын көрсетті, яғни бар нысаналы индикаторлар, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері арқылы ИИДМБ негізгі мақсатына қол жеткізу мүмкін болмады. Осылайша, мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына сәйкестіктің белгіленген параметрлері бұзылады.

87 іс-шараның 13-і немесе 15%-і нысаналы индикаторларға тікелей әсер етеді.

Қалған үш міндеттің нәтижелерінің көрсеткіштері толық көлемде орындалды. Міндеттерді іске асыруда нәтижелер көрсеткіштерін орындаудың жоғары нәтижелілігі кезінде нысаналы индикаторларға қол жеткізудің төмендігі байқалады.

ИИДМБ іске асыру қорытындылары бойынша 2015 жылғы деңгейге қарағанда экспорттың құндық көлемінің өзгеруі бойынша декомпозицияланған жоспарлы мәндерге 7 басым секторда қол жеткізілген жоқ, соның ішінде:

автомобиль жасауда - 422,7 п.т.; ауыл шаруашылығы машинасын жасауда - 37,4 п.т.; агрохимияда - 36,1 п.т.; өнеркәсіпке арналған химикаттар өндірісінде - 32,7 п.т.; тамақ өнімдерін өндіруде - 17,9 п.т.; түсті металлургияда - 14,5 п.т.; мұнай өңдеуде - 14,2 п.т.

Есепті деректер бойынша 16 өңірдің 9-ында ИИДМБ іске асыру қорытындылары бойынша 2015 жылғы деңгейге қарағанда экспорттың құндық көлемінің өсуі бойынша жоспарларға қол жеткізілген жоқ: Шығыс Қазақстан облысында - 60,4 п.т.; Оңтүстік Қазақстан облысында - 45,3 п.т.; Нұр-Сұлтан қаласында - 37,8%; Қызылорда облысында - 41,9%; Қостанай облысында - 36,9%; Батыс Қазақстан облысында - 31,5%; Ақмола облысында - 15%; Павлодар облысында - 5,1%.

Экономиканы әртараптандырудың жүргізіліп отырған саясаты көмірсутектер бағасының сыртқы конъюнктурасына тәуелсіз болу жөніндегі жаһандық мақсатты көздейді. Сонымен бірге, осы бағытта қабылданған шаралар көбінесе жеткіліксіз немесе сыртқы факторлардың әсерінен түзетулерге ұшырайды.

ИИДМБ-ға жүргізілген талдау ең өзекті экономикалық проблемалардың бірін шешу үшін сындарлы тәсілдің жоқтығын көрсетті. Әр түрлі мемлекеттік органдардың бытыраңқы әрекеттері, бірыңғай саясаттың, жалғыз «модератордың», іс-әрекеттер дәйектілігінің болмауы айқын болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қатысушылардың көп болуы, сондай-ақ заңнамада көзделген шектеулі мерзімдер кезінде олардың есептік ақпаратты уақтылы ұсынбауы оны іске асыру бойынша жиынтық есепті жасау сапасына теріс әсер етеді.

Сонымен қатар, индустриялық-инновациялық саланы дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігіне бірқатар жүйелі кемшіліктер теріс әсер етуде.

Осылайша, Мемлекеттік бағдарлама параметрлерін сапасыз жоспарлау байқалады, кейбір жағдайларда әдейі орындалмайтын мақсаттар мен міндеттерді қою, бөлінетін қаржы әрқашан жоспарланған нәтижелерге сәйкес келмейді, есептік ақпаратты жинаумен ғана емес, Мемлекеттік бағдарлама көрсеткіштерінің теріс өзгерістерін анықтауға және уақтылы ден қоюға мүмкіндік беретін мониторингтің тиісті жүйесі жоқ. Бұдан басқа, сабақтастықтың болмауына, нәтижелілігі үшін жауапкершіліктің төмендеуіне, тарихи деректердің жоғалуына (сондай-ақ саланың даму хронологиясына теріс әсер етеді), Мемлекеттік қызметтерді сапасыз көрсетуге әкеп соғатын мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарын жиі құрылымдық қайта ұйымдастыру атап өтілді.

Мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің қолданыстағы процестері жеткілікті түрде жүйеленбеген, бірыңғай шоғырландыру тетігі жоқ, бұл бюджеттік инвестициялардың тиімділігін төмендетеді, мемлекеттік қолдау шараларын алу рәсімін қиындатады.

Республиканың стратегиялық даму жоспарының көрсеткіштері мен индикаторларын және ИИДМБ-ның нысаналы көрсеткіштерін абсолюттік

шамаларда салыстыру әртүрлі базалық кезеңдерді, өлшем шамаларын қолдану және олардың бір-бірімен (соның ішінде жауапты орындаушылар бойынша) келісілмеуінен қиын, бұл тиісінше жоғары тұрған стратегиялық құжаттардың төмен тұрған құжаттарға декомпозициясын талдауды қиындатады. Сондай-ақ, республиканың стратегиялық даму жоспары ИИДМБ-дан кейін қабылданғанын атап өту қажет, бұл да түрлі шамалар мен индикаторларды қолдануға себеп болды.

Мәселен, ИИДМБ іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында «Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 22%-ға нақты өсуі» нысаналы индикаторы 2016-2019 жылдар аралығында 20,7% ретінде айқындалған, яғни Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарынан 2,1%-ке артық. Алшақтықты ҚР ИИДМ өкілдері түрлі базалық кезеңдермен түсіндірді (2015 және 2016 жылдар).

Маңызды кемшіліктердің бірі ИИДМБ қаржыландырудың мәлімделген және нақты сомалары арасындағы арақатынас болып табылады. Мәлімделген қажеттілік 1,3 трлн. теңге кезінде нақты 765,4 млрд.теңге немесе 57% бөлінді.

Аталған үрдіс қолданыстағы ИИДМБ-да (2020-2025) сақталған, онда мәлімделген 1,6 трлн. теңге шығындары 780,8 млрд. теңгеге қолдау тапты. Кез келген бағдарламалық құжаттың қаржылық қамтамасыз етілуін едәуір қысқарту мәлімделген іс-шараларды және тиісінше жоспарлы параметрлерді қысқартуды көздейді. Қаржыландыру іс жүзінде екі есе шектелген және бағдарламалық құжаттың бастапқы жоспарлы нысаналы индикаторлары сақталған кезде мемлекеттік бағдарламаның «түзелмейтін» факторы іске асыру басталғанға дейін қойылады.

Екі түрлі мемлекеттік бағдарламаның жекелеген мақсаттарының, міндеттері мен іс-шараларының қайталануы туралы атап өту қажет. Мәселен, «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында (ҚР Ұлттық экономика министрлігі) міндеттердің бірі өңдеуші өнеркәсіптің өндірілген өнім көлемін ұлғайту болып табылады. Нысаналы индикаторлардың бірі - ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін кемінде 12,5%-ке жеткізу болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалардың қайталануы бұл мемлекеттік бағдарламаларды бағалау ережелерін тікелей бұзу (№931).

ИИДМБ іс-шаралар жоспарын әзірлеу кезінде, тиісінше, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдарсыз, аяқталудың нақты кезеңінсіз 50 декларативтік іс-шара бекітілді. Ұсынылған түсініктемелер бойынша бастапқыда белгілі бір міндеттерді шешу бойынша нақты шаралар салынды, бірақ Жоспар жобасын келісу кезінде, басқа мемлекеттік органдардың құзыреттері қозғалған жағдайда, нақты іс-шаралар бойынша тұжырымдамалар өзгереді.

Бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және іске асыру барысында стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз етуге, мемлекеттік қаржыны тиімді басқаруға байланысты проблемалар, мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің бұлдырлығы, оларға қол жеткізуді бағалаудың нақты өлшемшарттары мен индикаторларының болмауы Нәтижеге бағдарланған

мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдамада 2007 жылдың өзінде белгіленгенін атап өту қажет. Осылайша, мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігі төмен және белгіленген проблемалар мен кемшіліктерді шешпейді.

Сондай-ақ, ресми статистика деректерінің («Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері» статистикалық бюллетені) нысаналы индикаторлардың есептік шамалары бойынша айырмашылықтары бар екенін атап өту қажет. Мәселен, 2019 жылы еңбек өнімділігінің өсуі (2015 жылғы деңгейге қарағанда) статистика деректері бойынша - 113,2% немесе алшақтық 1,5% құрады. Осыған ұқсас өңдеу өнеркәсібі өнімдері экспортының құндық көлемінің өсуі бойынша (112,9%) алшақтық 4,4%-ті құрады. Өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 4 918,0 млн.теңгені немесе 49,9 млн. теңгені құрады.

Бұл проблема жүйелі сипатқа ие және ресми статистиканы қалыптастырудың кеш мерзімдері нысаналы индикаторлар мониторингінің уақтылығына әсер етеді. Осылайша, өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі жөніндегі деректер тоқсан сайын тоқсанға кешігіп шығады, экспорт көлемі бойынша тоқсан сайын 2 айға кешігіп шығады, Ұлттық статистика бюросының жұмыс жоспарына сәйкес өңдеу өнеркәсібіндегі энергия сыйымдылығы бойынша бір жылға жуық кешігіп қазан айында шығады.

1-міндет «Дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияны құруды аяқтау».

Іске асыруға республикалық бюджеттен 60 415,8 млн.теңге бөлінген міндеттер шеңберінде көзделген іс-шаралар 2015-2019 жылдарға арналған ҚР ИИДМБ қорытындысы бойынша орындалды.

4 іс-шараның ішінен 2 іс-шара бойынша сандық мән көзделмеген (жобалар мониторингі, ұсыныстар әзірлеу), ал нысаналы индикаторларға тікелей 1 немесе 25%-і ғана әсер етеді («Бизнестің жол картасы 2020» бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жабдықты жаңғырту мен жаңартуды қаржыландыру арқылы өңдеуші өнеркәсіптегі кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі қолдау).

Мәселен, «ҚДБ-лизинг» АҚ сомасы 57 500 млн.теңгеге алынған бюджеттік кредит шеңберінде сомасы 54 222,1 млн. теңгеге 35 лизингтік мәмілені қаржыландырды, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты 43 377,5 млн. теңгені құрады.

«QazIndustry» АҚ «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды ұсынудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №579 бұйрығымен көзделген индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің көрсеткіштерді орындауы тұрғысынан жобаларға мониторинг жүргізген жоқ.

ИИДМБ-ны өзекті ету кезінде 2015 жылға арналған жоспарлы мән ескерілмеді (5 бірлік), соның нәтижесінде нәтиже көрсеткіші бойынша жоспар

16 жобаны құрады, ал оның бағдарлама қорытындысы бойынша асыра орындалуы 2,4 есе құрады (*жоспар – 16 бірлік, іс жүзінде – 39 бірлік*).

Салыстырмалы талдау 2015-2019 жылдары бұрын жоспарланған 21 жобаның ішінде 8 жоба (38,1%) іске асырылғанын, ал асыра орындау бұрын көзделмеген жобаларды іске асыру есебінен қамтамасыз етілгенін көрсетті, бұл салалық министрліктердің болжамдау деңгейінің жеткіліксіздігін және жұмыста талдамалық құрауыштың жетіспейтіндігін көрсетеді.

Сонымен қатар, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау арасында өзара байланыстың жоқтығы байқалады. Осылайша, «Бизнестің жол картасы-2020» бірыңғай бағдарламасы аясында жабдықтарды жаңарту және жаңғыртуды қаржыландыру жолымен өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі қолдау бойынша іс-шараларды орындау шеңберінде іске асырылған жобалар іске асырылуы көрсеткіш бойынша нәтижелілікке жатқызылған жобалармен корреляцияланбайды. Мәселен, іс-шараға сәйкес сомасы 54 222,1 млн.теңгеге 20 жоба қаржыландырылды. Сонымен қатар, тек екі жоба (*өтініш берушілер: «Проммашкомплект» ЖШС, «Шин Лайн» ЖШС*) нәтижелер көрсеткішін орындау шеңберінде көрсетілген жобалармен корреляцияланады.

2-міндет «Сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін қалыптастыру».

Іс-шараларды іске асыруға республикалық бюджеттен 338,6 млрд. теңге бөлінді, игеру 337,6 млрд. теңгені немесе 99,7%-ті құрады.

12 іс-шара бойынша 16 іс-шараның немесе 75%-нің сандық мәні жоқ, бұл олардың орындалу дәрежесін бағалауға мүмкіндік бермейді, 2 іс-шара сапасыз орындалды, ал 1 іс-шара мерзімі бұзылып орындалды.

Мәселен, бекітілген нысанның (*тек 2019 жылы бекітілген*) және өңірлердің кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген жобаларды іске асыру барысы туралы мониторингті жүзеге асыру үшін деректерді ұсынудың толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті бекітудің болмауы талданып отырған кезеңде іске асырылған жобаларға толыққанды талдауды қамтамасыз етуге және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермеді.

ҚР ИИДМ деректері бойынша нысаналы индикаторларға тікелей әсер еткен 1 іс-шара немесе 6,3% (*Бағдарламаны іске асыру шеңберінде инвестициялық жобаларды «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ кредиттеу жолымен қаржыландыру*) болды.

Көрсетілген кемшіліктерге қарамастан, міндеттің орындалу дәрежесін бағалау көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне мемлекеттік бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша қол жеткізілді, бұл іс-шаралар мен міндеттер көрсеткіштері арасында корреляцияның жоқтығын куәландырады.

«Жаңа ірі жобалар саны» нәтиже көрсеткіші бойынша бағдарламаны өзекті ету кезінде 2015 жылға арналған жоспарлы мән 4 бірлік санында ескерілмеді, ал 2015-2019 жылдар ішіндегі көрсеткіштің асыра орындалуы 4,4 есе құрады (*жоспар - 10 бірлік, іс жүзінде - 44 бірлік*).

Бұл ретте, 2015-2019 жылдары бастапқыда жоспарланған 14 жаңа ірі инвестициялық жобаның ішінде 8 жоба немесе 57,1% (*«Барит кенін қайта өңдеу*

жөніндегі өндірістік кешен» ұқсас жобасын іске асыруды ескере отырып) іске асырылды, ал көрсеткішті асыра орындау бұрын көзделмеген жобаларды іске асыру есебінен қамтамасыз етілді, бұл салалық министрліктердің болжамдау деңгейінің төмендігін және жұмыста талдамалық құрауыштың жетіспейтіндігін куәландырады.

Жобаларды салыстырмалы талдау бюджеттік және стратегиялық жоспарлау арасында өзара байланыстың жоқтығын көрсетті. Мәселен, Даму Банкі міндетті іске асыруда көзделген іс-шара шеңберінде 2015-2019 жылдары 9 инвестициялық жобаны қаржыландырды, олардың бірде-біреуі «Жаңа ірі өндірістер саны» көрсеткіші бойынша жоспарланбаған, бұл болжаудың төмен деңгейін және стратегиялық жоспарлау процесінде балдамалық құрауыштың жоқтығын сипаттайды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ, Даму Банкі).

Жеке сектор мен Үкімет үшін ірі инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды бағалау және құрылымдау жөніндегі оператор болып табылатын Қазақстанның Даму банкінің рөлі Қазақстанның Даму Банкі өнеркәсіп және инфрақұрылым саласындағы жобаларды уақтылы және толық қаржыландыруды қамтамасыз етуден тұрады.

ИИДМБ іске асыру кезеңінде республикалық бюджет қаражаты есебінен «ҚДБ» АҚ кредит беру жолымен жобаларды қаржыландыру сомасы нарықтық қаражат есебінен қаржыландыру сомасынан 6,7 есе асып түсті (*РБ - 149,8 млрд. теңге, қарыз қаражаты - 22,2 млрд. теңге*), бұл қаржы-экономикалық негіздемеде көзделген бюджеттік кредит беру шарттарына сәйкес келмейді. Мәселен, индустриялық-инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін республикалық бюджет қаражатын бөлу Қазақстан Даму Банкінің бюджет қаражатының көлеміне 1:1 қатынасында нарықтық қаражат тарту шартымен көзделген.

Іске асырылған жобалар бойынша шетелдік инвестициялардың ең көп көлемі мұнай-химия өнеркәсібіне тиесілі болды. Мәселен, аталған секторда жалпы құны 1 912,5 млн. АҚШ долларын құрайтын барлығы 4 жоба немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 42,6%-і іске асырылды.

Барлығы 1 жоба бойынша фармацевтикалық және мұнай-газ өнеркәсіптерінде іске асырылды.

Бірқатар іс-шаралар бойынша қаржыландыру көлемінің азаюы байқалады, бұл іске асырылған шаралардың тиімділігіне теріс әсер етеді және жалпы индустриялық-инновациялық даму процесін тежейді.

Даму Банкінің бюджет қаражатын басым пайдалануы және жоспарланған көлемде нарықтық қарыздарды тартпауы Банктің маржиналдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Осылайша, нарықтық қарыздарды арзандату және соңғы қарыз алушы үшін сыйақы мөлшерлемесін төмендету мақсатында бюджеттік қаражат Банкке 0,15%-пен бөлінді.

ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия 2014 жылы Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ индустриялық жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін ҚР Ұлттық қорының қаражаты есебінен 75 млрд. теңге бөлу туралы шешім қабылдағанын

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

атап өту қажет. Сонымен қатар, аталған қаражат Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында ескерілмеген.

Инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңінде (2016 жылдан бастап 2020 жылдың 1-ші жартыжылдығына дейін) әлеуметтік-экономикалық тиімділік келесілерді құрады:

Құрылатын жұмыс орындарының саны, бірлік	Салық аударымдарының сомасы, млн. теңге	Негізгі өнімді өткізу көлемінен түсетін түсім, млн. теңге	Өнім экспортының көлемінен түсетін түсім, млн. теңге
4 472	192 036,13	1 068 233,15	878 624,40

Бұл ретте, әлеуметтік-экономикалық әсердің негізгі үлесі «Кокс және мұнай өңдеу өнімдері өндірісі» ЭҚЖЖ тобына тиесілі: жұмыс орындарын құру - 22%, салық аударымдары - 72%, өнім экспортынан түсетін түсім - 93%.

Ұлттық қордың қаражаты есебінен жеңілдікті кредиттермен қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша өнімді өткізу және экспорт көлемі бойынша жоспарлы көрсеткіштер толық көлемде орындалмайды. Бұл ретте, салық аударымдарының көлемі бойынша жоспардан екі есеге асып түседі, бұл көрсеткіштерді сапасыз жоспарлағанын білдіреді.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қаржыландырылған жобалардың жобалық қуаты бойынша ауытқулар тек «K5 экоклассының мотор отындарын өндіру (ГТМК секциясы, 2 - кезең)» жобасы бойынша ғана байқалды. Зауыттың төмен жүктемесі шикізаттың жетіспеушілігіне, сондай-ақ оның сапасы мен құнына байланысты.

Сондай-ақ, Даму Банкі мемлекеттік бағдарламадан тыс, соның ішінде Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржыландырған индустриялық-инновациялық жобалар бойынша жобалық қуаттан ауытқу байқалады:

- жоспарланған мерзімнен кеш пайдалануға берілуіне байланысты Рельс-арқалық зауытын салу жобасы бойынша;

- карантинге байланысты шектеу шараларына байланысты қызметті тоқтата тұруға және қаржылық қиындықтардың туындауына байланысты қызметтер көлемінің қысқаруына байланысты Шымкент қаласында көлік-логистикалық орталық салу жобасы бойынша;

- шикізаттың болмауына, сондай-ақ карантинге байланысты шектеу шараларына байланысты өнім экспорты көлемінің төмендеуіне байланысты Қаратау қаласында қуаты 15 000 тонна цианисті натрий зауытын салу жобасы бойынша.

Іске асырылуының басталуы 2015 жылға жоспарланған «Кешенді қорытпалар өндірісі бойынша зауыт құрылысы» жобасы әлі күнге дейін іске асырылмаған. 2019 жылдың қазан айында несие қаражатын игеру мерзімі аяқталды. 2020 жылы жоба бойынша қарыз беру рәсімі қайта жаңартылды, бұл ретте Өтініш беруші («КЗКС» ЖШС) оның жеткіліксіздігіне байланысты кепілмен қамтамасыз етуді ұсынбады. Осыған байланысты, «Сарыарқа АЭА БК» АҚ аумағында Қарағанды облысы әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі мүлікті кепілдікті қамтамасыз ету ретінде ресімдеу іс-шаралары жүргізілуде (сомасы 14

666,4 млн. теңгеге жылжымайтын және жылжымалы мүлік (ғимараттар мен құрылыстар, жабдықтар), соның ішінде: жер учаскелері - 93,8 млн. теңге, ғимараттар мен құрылыстар - 7 769,4 млн. теңге, жылжымалы мүлік - 6 803,2 млн. теңге).

3-міндет. «Экспортқа және (немесе) өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриялық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету».

ИИДМБ іс-шаралар жоспарында 34 іс-шараны орындау көзделген. 22 іс-шара уақтылы және толық көлемде орындалды, 3-уі орындалмай қалды, 5-уі ішінара орындалды, 3-уі уақтылы орындалмады, 1-уі сапасыз орындалды.

Іс-шаралар жоспарының 13 тармағында немесе 38,2%-інде (3-міндет бойынша іс-шаралар тармақтарының жалпы санынан) іс-шараға қол жеткізу дәрежесін айқындауға мүмкіндік беретін өлшенетін мәндер жоқ, өйткені олардың орындалуы мәселені пысықтаумен (зерделеумен) немесе ақпарат берумен ғана шектеледі, бұл Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының сапасыз әзірленгенін куәландырады.

Басым елдерде - ірі стратегиялық нарықтарда (Қытайда (2), Ресейде (4), Өзбекстанда (1), Түркияда (1), Үндістанда (1), Қырғызстанда (1)) шетелде экспорт пен сауданы ілгерілету жөніндегі өкілдіктер желісін ашу қамтамасыз етілмеген.

«Даму» КДҚ» АҚ екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын ұйымдар арқылы 75 қарыз алушыға жалпы сомасы 1 130,2 млн. теңгеге кредиттер бойынша мөлшерлемелерді субсидиялауды жүзеге асырды, бұл Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарының 31-тармағына сәйкес келмейді.

Сондай-ақ, ИИДМБ іске асыру бойынша есептік ақпаратта сомасы 162,1 млрд. теңгеге субсидия төлей отырып, 9 837 жобаға қол қою көрсетілгенін атап өту қажет. Бұл ретте іс жүзінде сомасы 65,2 млрд. теңге 3 097 жоба субсидияланды. ИИДМБ іске асыру бойынша есептік және нақты деректер арасындағы айырмашылықтар 96,9 млрд. теңгені құрады.

«Даму» КДҚ» АҚ арқылы басым секторларда ЕДБ кредиттері бойынша кепілдіктер беру бойынша ұқсас. ИИДМБ есептік ақпаратында 83 980,0 млн. теңге кепілдік сомасымен 5 871 кепілдік шартын жасасу туралы атап өтілген. Бұл ретте ИИДМБ шеңберінде «Даму» КДҚ» АҚ кепілдік сомасы 23 349,8 млн. теңгені құрайтын 1 256 кепілдік шартын жасасу туралы ақпарат ұсынды.

Қазақстанның Даму Банкі экспорттық қаржыландыруды жүзеге асырған жоқ. Екінші деңгейдегі банктер арқылы кредиттеуге преференциялық қолжетімділікті қамтамасыз ететін өңдеуші секторды қаржылық ынталандыру жөніндегі мәселені пысықтау қамтамасыз етілмеген.

Мемлекеттік бағдарламада көзделген 4 экспорттық қазақстандық бренд («Qazaq Organic Food», «Halal Kazakhstan», «KazMai», «KazMeat») құру іс жүзінде тек «KazMeat» тауар белгісі ғана тіркелген, сол арқылы «Құрылған экспорттық қазақстандық брендтер саны» нәтижелер көрсеткіші ішінара орындалған. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында зондтық брендтер мен брендтерге арналған түсіндіру аппараты жоқ, сондай-ақ оларды беру және пайдалану өлшемшарттары мен тәртібі айқындалмаған.

2017 жылы құны 1 837,0 млн. теңге тұратын жабдықтар кешені бар үлкен электромагнитті жаңғырықсыз камераны сатып алу кезінде ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитеті тарапынан кешенді тәсілдің болмауы бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға алып келді. Мәселен, бұл жабдық 2017 жылғы желтоқсаннан бастап жұмыс істемейді, яғни техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігіне сынақтар (*сертификаттық сынақтар*) бойынша жұмыстар жүргізілмейді.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша жекелеген өңірлердің қызметін бағалау өлшемшарттарының көрсеткіштерін жақсарту бойынша оң серпін байқалмайды. Республиканың 7 өңірінде 2015-2019 жылдары энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында бірде-бір МЖӘ жобасы іске асырылмаған.

ҚР Инвестициялар және даму министрлігі ҚР Бюджет кодексінің 97-бабының 6-тармағын бұза отырып, 2017 жылы баспа өнімдерін таратқаны үшін қызметтер көрсетуге арналған шарт шеңберінде орындалмаған жұмыс көлемі үшін «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ жалпы сомасы 1,4 млн. теңгеге ақы төледі.

2018 жылы операторлардың жиі ауысуының нәтижесінде отандық өңделген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің шығындарын өтеу жөніндегі іс-шара орындалмаған.

5 жыл бойы 101 бірліктен тұратын Қазақстан Республикасының эталондық базасы жаңартылмаған. ҚР-да мемлекеттік эталондар мен эталондық жабдықтарды жаңғыртуға (*жете жарақтандыруға*) қаражат тек 2017 жылы және 2019 жылы Мемлекеттік бағдарламада көзделген 3 899,7 млн. теңгеден 2 107,5 млн. теңге мөлшерінде немесе 54% бөлінді. Бұл ретте, «ҚазИнМетр» РМК теңгерімінде есепте тұрған жалпы құны 1 579,1 млн. теңге 44 эталон бойынша эталондық жабдықтар қызмет ету мерзімінен артық пайдаланылады. «ҚазИнСт» РМК және «ҚазИнМетр» РМК төлемдері Мемлекеттік стандарттау жоспарларында көзделмеген (төлем кезінде) әзірленген және бекітілген стандарттар үшін жалпы сомасы 381,3 млн.теңгеге жүргізілді.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2017 жылға арналған 090/100 бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік өтінім берген кезде бюджет заңнамасын бұза отырып, қолданыстағы Қағидаларда көзделмеген сомасы 1 311,9 млн. теңгеге «Өндірісті ұйымдастыру тиімділігін арттыру» шарасы шеңберінде «Өндірілетін өнімді ілгерілету жүйесінің тиімділігін арттыру» (*көлік логистикасы және тауар қоймаларының қызметтері ретінде*) шығындарының жаңа түріне арналған шығындар енгізілді.

«Qazindustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ (Qazindustry).

2018-2019 жылдары қаржы ресурстарының болмауына байланысты аумақтық кластерлерге мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілмеді, сондай-ақ ұлттық инновациялық жүйе субъектілеріне мониторинг және үйлестіру жүргізілген жоқ. Бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдар негізінен ақпаратты шоғырландыруды (жинақтауды) қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

2020-2025 жылдарға арналған Тұжырымдама мен Мемлекеттік бағдарламаның жобаларын әзірлеу, декомпозиция схемасын жасау, Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу және бағалау сияқты Мемлекеттік бағдарламаны жоспарлау және сүйемелдеу жөніндегі жекелеген функциялар ведомстволық бағынысты ұйымға («QazIndustry» ҚИЭО АҚ) берілді. 2015-2019 жылдарға арналған шығыстар көрсетілген мақсаттарға 1,5 млрд. теңгені құрады, соның ішінде: Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу және бағалау – 1 075,6 млн. теңге; 2020-2025 жылдарға арналған Тұжырымдама мен Мемлекеттік бағдарламаның жобаларын әзірлеу – 386,1 млн. теңге, ИИДМБ өзекті ету – 60,0 млн. теңге.

«Qazindustry» ҚИЭО» АҚ әзірлеген ИИДМБ негізгі нысаналы индикаторларын өңдеу өнеркәсібінде басым секторлар мен өңірлер деңгейінде декомпозициялау әдістемесі бекітілмеген.

Qazindustry Мемлекеттік бағдарламаның 2015-2019 жылдардағы іске асырылуы туралы ақпаратты сапасыз ұсыну фактілері анықталды. Qazindustry 2019 жылы жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту бойынша Индустрияландыру картасы жобаларына тиісті деңгейде мониторинг жүргізбеген. Осылайша, Индустрияландыру картасының жобалары бойынша жергілікті атқарушы органдардан ақпаратты жинау және өңдеу осы рәсімдерді регламенттейтін тәртіп болмаған кезде жүзеге асырылды және 2019 жыл кезеңі қамтылмаған. 8 өңірде іске асырылып жатқан жобалар бойынша өндірілген өнім көлемі бойынша ақпарат берілмеген, бұл іске асырылып жатқан жобалар бойынша өндірілген өнім көлемі бойынша мониторинг 2010-2014 жылдар кезеңінде 273 жоба бойынша немесе жалпы санының 36,3%-і (751 жоба) және 2015-2018 жылдар кезеңінде 165 жоба бойынша немесе жалпы санының 30%-і (552 жоба) жүзеге асырылған.

«Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ-ға инновациялық гранттар беру жөніндегі функциялардың берілуіне байланысты 2019 жылы инновациялық гранттар берілмеді. Бұл ретте, инновациялық гранттар беру бойынша қызметтер көрсету функциясы ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы №959 қаулысымен алып тасталғанына қарамастан, 2020 жылғы қаңтардан бастап 2020 жылғы 28 маусым аралығында Qazindustry осы қызмет түрін жүзеге асырды, яғни 412,6 млн. теңге сомасына қолданыстағы гранттар бойынша төлем жүргізілді.

Индустриялық-инновациялық жобаның кешенді жоспарын әзірлеуге және/немесе сараптауға жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу түріндегі мемлекеттік қолдау құралы кәсіпкерлердің сұранысына ие емес және толық көлемде жұмыс істемейді (2015-2019 жылдары 9 өтінім берілді, бұл мемлекеттік қолдау шаралары бойынша өтелген өтінімдердің жалпы санының 2,8%-ін құрайды).

Qazindustry өтінімдерді қарау тәртібін сақтамаған кезде мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді (құжаттардың толық топтамасын қабылдамау, өтінімдерді бекітілген нысан бойынша ресімдемеу және т.б.).

Даму стратегиясына сәйкес негізгі мақсат мемлекеттік индустрияландыру саясатын табысты іске асыруға жәрдемдесетін Qazindustry-ді стратегиялық консалтингтің негізгі институтына айналдыру болып табылады.

Бұл ретте, бейінді (техникалық) білімі бар жұмыскерлер санының жыл сайын төмендеуі байқалады. 2015 жылдан бастап гуманитарлық (экономикалық, қаржылық, заңгерлік) білімі бар жұмыскерлерге қатысты олардың үлесі екі есеге, 30,2%-тен 16%-ке дейін қысқарды.

«Qazindustry» ҚИЭО» АҚ Басқармасының **КПД** «Qazindustry» ҚИЭО» АҚ миссиясымен, пайымымен, стратегиялық бағыттарымен және міндеттерімен толық үйлеспейді, Жарғыда айқындалған оның қызметінің негізгі мақсаттарының тиімділігі мен нәтижелілігін жеткілікті түрде көрсетпейді.

Qazindustry-дің негізгі кірісі байланысты тараптармен (*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті*) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік тапсырмалар мен шарттық қатынастар есебінен қалыптастырылады.

Тауарлар мен қызметтерді сатудан алынған қаражаттың жалпы көлемінен - 7 649,3 млн. теңге, 97% немесе 7 402,4 млн. теңге байланысты ұйымдардан түскен кірістерге тиесілі. Бұл ретте, 2015-2019 жылдары қосалқы мердігерлік ұйымдарға 955,4 млн. теңге сомаға қызметтер көлемі берілді (*ҚҚС қоспағанда*).

«Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңының 40-бабын бұза отырып, аудит жүргізу кезінде «Қазақстандық қамту» интернет-порталы» ақпараттық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілмеген, яғни сынақтар аяқталған жоқ және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтардың нәтижелері бойынша акт алынбаған. Бұл ретте, аталған жүйе 2010 жылдан бастап пайдаланылады, оны сүйемелдеуге 2015-2019 жылдар кезеңінде 213,2 млн.теңге жұмсалды.

Qazindustry орындалатын жұмыстың сипаты, көлемі мен күрделілігі айқындалған еңбекке ақы төлеудің факторлық-балдық жүйесі қолданылмайды. Осыған байланысты, қосалқы құрылымдық бөлімшелер (*әкімшілік, құқықтық, экономика және қаржы*) қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы стратегиялық міндеттерді іске асырумен айналысатын бейінді құрылымдық бөлімшелердің еңбекақысынан жоғары не оған тең.

Нәтижесінде, 2019 жылы ғылыми дәрежесі, академиялық білімі бар жұмыскерлер саны айтарлықтай төмендеді.

4-міндет. «Инновациялық белсенді бизнестің сындарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау».

Экономиканың салалары мен секторларында технологиялық саясатты қалыптастыру жөніндегі бірыңғай (біріздендірілген) әдістемені және экономиканың салалары мен секторларын дамытудың технологиялық жол карталарын әзірлеу және бекіту жөніндегі іс-шаралар уақтылы орындалмады.

2017-2019 жылдары ұлттық инновациялық жүйе субъектілерін мониторингілеу мен үйлестіруге қаражат бөлінген жоқ.

Салалық конструкторлық бюроларды дамыту жөніндегі іс-шара орындалмады. 2015-2016 жылдары шығыстары 0,6 млн. теңгені құраған конструкторлық бюролар жойылды.

«TechGardenCup» стартаптарының арасында конкурстар өткізу жолымен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жоғары технологиялық өнімді (тауарлар мен қызметтерді) сатып алу тетігін дамыту арқылы инновацияларға сұранысты қамтамасыз ету орындалған жоқ, квазимемлекеттік сектор субъектілері жоғары технологиялық өнімді (тауарлар мен қызметтерді) сатып алуды жүзеге асырған жоқ.

Ғарыш аппараттарының құрастыру-сынау кешенінің құрылысын аяқтау және пайдалануға беру белгіленген мерзімде 2018 жылы орындалмаған, өнеркәсіптік пайдалануға беру 2021 жылға жоспарланған.

2019 жылы инновациялық қызметті жария етуге қаражат бөлінбеді, бұл «Инновациялық қызметті танымал ету және жария ету» іс-шарасы жоспарының 60-тармағының орындалмауына әкеп соқты.

2018-2019 жылдары инновациялық гранттар беруге қаражат бөлінбеді, бұл «Инновациялық гранттар беру (жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға, салаларды технологиялық дамытуға, технологияларды коммерцияландыруға)» іс-шаралар жоспарының 61-тармағын орындамауға алып келді.

4-міндет шеңберінде Іс-шаралар жоспарын қалыптастыру кезінде Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін іс-шаралар енгізілді (73 «Ғарыштық байланыс, ЖҚЗ, навигация жүйелерін құру және дамыту және олардың өнімдері мен қызметтерін пайдалануды кеңейту», 74 «Ғарыш саласының ғылыми-технологиялық базасы мен кадрлық әлеуетін құру және дамыту»).

«Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры («ИТП» ДКҚ).

«ИТП» ДКҚ қызметінің жаңа технологияларды дамыту, зерттеулер жүргізудің ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын одан әрі жетілдіру, жаңа технологияларды әзірлеу және оларды коммерцияландыруға жәрдем көрсету үшін бизнестің, стартаптардың, инвесторлардың, оқу және ғылыми-зерттеу мекемелерінің тиімді өзара іс-қимылын ынталандыратын кәсіби орта құру жөніндегі негізгі мақсаттары орындалмайды.

Мәселен, «ИТП» ДКҚ жоспарланған стратегиялық міндеттерге қол жеткізілмеген: 1 160 стартапты инвестициялау жоспары кезінде іс жүзінде 118 стартап немесе 10,1% инвестицияланды; 4 250,0 млн.теңге көлемінде жеке венчурлік инвестицияларды тарту бойынша көрсеткіш тұтастай орындалмаған (іс жүзінде - 0).

Бұл ретте, ИИДМБ іске асыру жоспарында көзделген «ИТП» ДКҚ қаржыландыру көлемі 2 082,7 млн.теңге сомасына, 4 906,7 млн. теңгеден 6 989,4 млн. теңгеге дейін ұлғайтылды.

Инвестициялар және даму министрлігінің 3,1 млрд.теңге сомасындағы нысаналы аударымдары есебінен құрылған «ИТП» ДКҚ 4 технологияларды

дамыту орталығы тиімсіз және олардың алдына қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз етпейді.

«ИТП» ДКҚ мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде «GVA Capital Management» (АҚШ) компаниясымен бірлесіп «GVA Alatau Fund, LLC» венчурлық қоры құрылды (АҚШ-та тіркелген).

«GVA Capital Management» компаниясы GVA Alatau Fund, LLC венчурлық қорына 3,2 млн.доллар мөлшерінде жеке инвестициялар тарту жөніндегі келісімнің шарттарын орындамаған. Осыған байланысты «ИТП» ДКҚ және «GVA Capital Management» арасындағы келісім бұзылды.

Операциялық келісімнің шарттары бойынша «GVA Capital Management» компаниясына «GVA Alatau Fund, LLC» венчурлік қорды басқарғаны үшін 133,7 млн. теңге төленді.

«GVA Alatau Fund, LLC» қорының қызметі 2017 жылғы 24 шілдеде Алматы қаласында құрылған «Алатау ГВА Қоры» филиалы арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте, «Алатау ГВА Қоры» филиалы «ИТП» ДКҚ 110,0 млн.теңге сомасында қаржылық көмек көрсетті, бұл Бюджет кодексін бұзу болып табылады. 110,0 млн. теңге сомасындағы қаражатты «ИТП» АҚҚ жалақыны, салықтарды, зейнетақы аударымдарын төлеуге, жеткізушілермен есеп айырысуға және т. б. пайдаланды.

«Алатау ГВА Қоры» филиалы «Стартап Қазақстан» бағдарламасы аясында сомасы 997,9 млн. теңгеге 96 жобаны қаржыландырды. 2020 жылғы 28 қыркүйектегі жағдай бойынша 43 стартап белсенді емес болып табылады, оларға 422,3 млн.теңге жұмсалды, соның ішінде 14 стартап жабық болып табылады, оларды іске асыруға 132,7 млн. теңге жұмсалды.

Бюджеттік қаржыландырудан басқа, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру жөніндегі келісімшарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылар аударатын қаражат «ИТП» ДКҚ-ның табыс көздерінің бірі болып табылатынын атап өту қажет.

2015-2019 жылдары жер қойнауын пайдаланушылармен сомасы 11 226,9 млн. теңгеге шарттар жасалды. Бұдан әрі аталған қаражат есебінен «ИТП» ДКҚ жер қойнауын пайдаланушылар таңдаған жобаларды қаржыландыруды жүзеге асырды.

Сондай-ақ Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларын бұза отырып, жер қойнауын пайдаланушылар өздері жүргізілетін зерттеулер шеңберінде орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге тапсырыс берушілер ретінде әрекет етті.

«ИТП» ДКҚ ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға бағытталған жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен сомасы 25,5 млн. теңгеге стартап жобалар қаржыландырылғанын атап өту қажет.

Жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған шарттар бойынша «ИТП» ДКҚ комиссиялық сыйақысының мөлшері тіркелген мәнге ие емес және «Инновациялық

технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы» Заңға сәйкес 3%-тен аспайтын шекте айқындалған.

2020 жылғы 28 қыркүйектегі жағдай бойынша «ИТП» ДҚК қаражаты 3 633,1 млн.теңге сомасында (жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты - 1 045,0 млн. теңге, бюджеттен нысаналы аударым - 2 503,8 млн. теңге, өзге де қаражат - 84,2 млн. теңге) «Tengri Bank» АҚ-ның шотында орналастырылғанын атап өту қажет, ол 2020 жылғы 17 қыркүйектегі лицензиясынан айырылған және 2020 жылғы 5 қарашадағы Алматы қ. МАЭС шешімімен одан әрі таратылған, бұл ретте қаражат қайтарылмады.

«ИТП» ДҚК-ның қаржы-шаруашылық қызметіне елеулі ескертулер бар. Мәселен, қолданыстағы ішкі актілерде жылдық бюджеттің атқарылуы бойынша есептерді қалыптастыру көзделмеген. «ИТП» ДҚК бюджетке өзгерістер енгізуді жүзеге асырмайды және жылдық бюджеттің атқарылуы бойынша есептер қалыптастырмайды.

Жарғының 26-тармағын бұза отырып, 2015-2019 жылдар кезеңінде Бас директор орынбасарларының лауазымдық жалақыларының жоғарғы және төменгі шектерін Атқарушы комитет бекіткен.

Есепті кезеңнің қорытындылары бойынша шығынды қызметке және еңбекақы қоры бойынша үнемдеудің болмауына қарамастан, Атқарушы комитет мүшелеріне сыйлықақылар төлеу жүзеге асырылды. Бұдан басқа, Басқарушы комитет атқарушы комитет мүшелері қызметінің көрсеткіштеріне бағалау жүргізбеген, отырыстарда сыйлықақы беру мәселелері қаралмады (2015 жылы 4,6 млн.теңге сомасында, 2018 жылы 41,1 млн. теңге сомасында, 2019 жылы 14,6 млн. теңге сомасында).

Аудиттелетін кезеңде «ИТП» ДҚК алып отырған алаңдары бойынша лимиттердің асып кетуі байқалады: 2015 жылы 249,68 ш.м., 2016 жылы 349,03 ш.м., 2017 жылы 961,41 ш.м., 2018 жылы 960,26 ш.м., 2019 жылы 377,59 ш.м. жалға алу шығындары 113,5 млн. теңгені құрады.

«ИТП» ДҚК 20 штаттан тыс жұмыскермен «ИТП» ДҚК жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттеріне ұқсас өтеулі қызмет көрсетуге (бухгалтерлік есеп жүргізуге жәрдемдесу, есептер жасау және тапсыру, мүдделерді білдіру, жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатын тарту жөніндегі қызметтер) шарттар жасасты. Шарттар бойынша төленген сома 75,4 млн.теңгені құрады.

«Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ («ИТТО» АҚ).

«ИТТО» АҚ-да 2020 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 12 проблемалық шарт бойынша дебиторлық берешек грант алушылардың шарттық міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде туындаған 947,9 млн.теңгені құрайды. Көрсетілген шарттар бойынша сот-наразылық жұмысы жүргізілді, алайда сот шешімдеріне және сот орындаушыларының жүргізіліп жатқан жұмысына қарамастан, 2 жылдан астам берешек өндіріп алынбайды.

«Ромат» фармацевтикалық компаниясы» ЖШС «Туберкулездің дәріге төзімді түрлерін (микро - және нано жүйелер) емдеу үшін туберкулезге қарсы препараттарды әзірлеу» жобасы бойынша жұмыстардың нәтижелері

енгізілмеген, оны іске асыруға 18,8 млн.теңге грант бөлінген. «ТДҰА» АҚ берешекті өндіріп алу бойынша жұмыстар жүргізілген жоқ. Павлодар облысы МАЭС 2016 жылғы 7 қарашадағы шешімімен «Ромат» фармацевтикалық компаниясы» ЖШС банкрот деп танылды.

«Транстелеком» АҚ жобаны одан әрі іске асырудан бас тартты, оларды іске асыруға 35,2 млн.теңге мөлшерінде инновациялық грант алынды, нәтижесінде Есеп комитеті аудит қорытындысы бойынша «ИТТО» АҚ-ға қайтаруға қойды.

3 грант алушылар жобаларды іске асыру мерзімдерін бұзды, оларды іске асыруға 801,9 млн. теңге мөлшерінде инновациялық гранттар алынды: «Компания Нефтехим LTD» ЖШС «МТБЭ күкіртсіздендіру технологиясы (метил-трет-бутил эфири)» жобасы бойынша - 132,9 млн. теңге; «Ағайындар KZ» ЖШС «Құрамында көмірсутегі бар қатты тұрмыстық қалдықтарды және өзге де қалдықтарды кәдеге жарату кешені» жобасы бойынша - 368,4 млн. теңге, «Орал трансформатор зауыты» ЖШС «Панельді қалдықтарды шығару радиаторлар» жобасы бойынша - 300,5 млн. теңге.

Инновациялық гранттар беру туралы шарттарды мониторингілеу қағидаларында келесі кезеңдер грант алушының өз қаражаты есебінен қаржыландырылатын жоба кезеңін іске асыру қорытындылары бойынша грант қаражаты есебінен үнемдеуді қайтару тәртібі көзделмеген. Нәтижесінде грант есебінен үнем барлық кезеңді ескере отырып, жобаны толық іске асырғанға дейін эскроу-шоттарда орналастырылады.

Жобаларды іске асыру бойынша сыртқы аудит грант алушылардың нақты шеккен шығыстарын ұлғайтуды белгіледі. Мәселен «Өсімдіктерге арналған қос әмбебап көпфункционалды горшок» жобасы бойынша жалға алуға мәлімделген шығыстар 12,0 млн. теңгені құрады, қосымша келісімге сәйкес шығыстар 6,2 млн. теңгені құрады. QazIndustry-дың келісімінсіз үй-жайларды жалдау бойынша шығыстар үстеме шығыстарды азайту есебінен 4,6 млн. теңгеге ұлғайды.

2020 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша сомасы 288,4 млн. теңгеге аяқталған 34 шарт бойынша грант алушылардың жобаларды одан әрі іске асыруы жоқ.

5-міндет «Бағдарламаның іске асырылуын басқару».

5-ші міндетті орындау аясында іс-шаралар орындалды. Сонымен қатар, бұл міндет Бағдарламаның іске асырылуын басқаруды қамтиды және стратегиялық сипаттағы міндеттер мен іс-шараларды шешуге бағытталмайды.

ИИДМ-де республикалық бюджет қаражатын тарта отырып жүзеге асырылатын мемлекеттік тапсырманың, ғылыми-зерттеу, зерттеу және консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын (баға белгілеуді) айқындау жөніндегі жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) бастапқы бағасын айқындау үшін, сондай-ақ мердігерлік және қосалқы мердігерлік жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) құнын айқындау үшін бірыңғай әдістеме жоқ.

2.3 Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруға бағытталған қаражатты жоспарлау мен пайдаланудың негізділігі, тиімділігі.

Аудитпен РБ-дан дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде бөлінген қаражат қамтылды - 64,6 млрд. теңге, соның ішінде:

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

- 14,6 млрд.теңге ИИДМ-ге «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға бөлінді, олардың шығарылуы оның валюталық міндеттемелерін өтеуге бағытталған.

Облигациялар бойынша жыл сайынғы купондық сыйақы мөлшерлемесі 307,2 млрд.теңге сомасында 11,5% немесе 35,3 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде, Министрлік жыл сайын РБ қаражаты есебінен субсидиялайтын сыйақы сомасы 29,2 млрд.теңгені құрайды (9,5% мөлшерінде сыйақы мөлшерлемесі субсидияланады).

Облигациялардың айналысы кезеңінде (2034 жылға дейін 15 жыл) РБ қаражаты есебінен купондық сыйақыны субсидиялаудың жалпы сомасы 438 млрд.теңгені құрайды (субсидиялауға РБ-дан жоспарланған қосымша қаражат).

Аталған шығыстарды дағдарысқа қарсы шараларға жатқызу күмән туғызады, өйткені купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тетігі дағдарыстық жағдай туындағанға дейін (коронавирус пандемиясымен) көзделген және өткен жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ тиімсіз менеджментімен байланысты болды.

Бұдан басқа, 2020 жылғы 25 мамырдағы купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған шартта тасымалдаушының қаржылық жағдайын ескере отырып, купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін төлеуге арналған тасымалдаушының шығыстарын жыл сайын қайта қарау және тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген сома шегінде субсидиялауды қамтамасыз ету бөлігінде талап көзделмеген.

Сондай-ақ ИИДМ дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде Банктің борыштық жүктемесінің деңгейін 7:1 арақатынасында (қарыз қаражаты: меншікті капитал) қолдау және 2020 жылы 350,0 млрд.теңге сомасында қарыз алу мүмкіндігін ұлғайту мақсатында «ҚДБ» АҚ (012 ББ) жарғылық капиталын толықтыруға 50,0 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

Анықтама ретінде: борыштық жүктеме деңгейі «Қазақстанның Даму Банкінің қаржылық орнықтылығының параметрлерін (коэффициенттерін) айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 250 қаулысымен айқындалған.


Іс жүзінде, ҚДБ ағымдағы жылы облигациялар шығару жолымен жалпы сомасы 60,5 млрд.теңгеге қарыз қаражатын тартты, олардың есебінен бұрын басталған 15 инвестициялық жоба қаржыландырылды (2015-2019 жылдар кезеңінде басталған).

012 бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштерін түзету № 195 қағидаларының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында түпкілікті нәтиже көрсеткіштерімен өзара байланыстыруға теріс әсер етті.

2.4 Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсері.

2019 жылы өңдеу өнеркәсібінің көлемі құндық мәнде 11 573,3 млрд.теңгені құрады, бұл 2000 жылғы ұқсас көрсеткіштен 13,8 есе көп (835,8 млрд. теңге).

1-диаграмма. 2010-2019 жылдардағы құндық көріністегі өңдеу өнеркәсібі көлемінің өзгеру серпіні және НКИ




Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

2000 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде 2009 жылды (2008 жылға 87,7%) және 2015 жылды (2014 жылға 98,2%) қоспағанда, өңдеуші өнеркәсіп көлемінің өсуі байқалады. Өңдеу өнеркәсібі көлемінің ең көп өсуі 2016 жылы байқалды, ол өткен жылмен салыстырғанда 134,6%-ті, 2010 жылы (2009 жылға 130,5%), 2006 жылы (2005 жылға 129,5%) құрады.

Бұл ретте Өңдеуші өнеркәсіптің НКИ серпіні (нақты көлем индексі) осындай тұрақтылыққа ие емес және жыл сайынғы өсу қарқыны құндық мәндегі көрсеткіштен айтарлықтай төмен. Жалпы 2000-2019 жылдары өңдеуші өнеркәсіптің НКИ 3 есеге (297,8%) ұлғайды.

2019 жылы өнеркәсіп құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 39,4%-і құрады, ал 2000 жылы ол 45,8%-ті құрады.

2-диаграмма. Өнеркәсіп құрылымындағы өңдеуші және тау-кен өндіру өнеркәсібінің 2010-2019 жылдардағы үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

2000 жылдардың басында (2000-2001 жылдар) өнеркәсіп құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі тау-кен өнеркәсібіне қарағанда басым бөлігін иеленді. Қамтылған кезеңде жұмыс істеп тұрған өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының төмендеуі байқалады. Осылайша, 2008 жылы олардың саны 9 898 кәсіпорынды құрады, ал 2018 жылы 8 696 кәсіпорынға немесе 12,1%-ке төмендеді.

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу


Сонымен қатар, аралас салаларда, керісінше, өсім байқалады. Мәселен, 2018 жылы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың саны: тау-кен өндіру өнеркәсібінде 1 379 бірлікті құрады немесе 2008 жылмен салыстырғанда 2 есе көп (695 бірлік); электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптаудың әуе қалдықтары саласында 1 078 бірлікті құрады, немесе 2008 жылмен салыстырғанда 18,6%-ке артық (909 бірлік); сумен жабдықтау, кәріз қалдықтары, қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылау саласында 1 333 бірлікті құрады, немесе 2008 жылмен салыстырғанда 2,4 есе көп (563 бірлік).

Өнеркәсіп кәсіпорындарының жалпы санында өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының үлесі 2018 жылы 69,6%-ті, 2010 жылы - 76,1%-ті, ал 2000 жылы 87,2%-ті құрады.

Өңдеуші өнеркәсіпте негізгі қызмет персоналы санының төмендеуі байқалады. Мәселен, 2017 жылы өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында 287,5 мың адам еңбек етті, бұл 2000 жылғы деңгейге (391,1 мың адам) қарағанда 73,5%-ті құрады. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде осы кезеңде негізгі персонал саны 1,5 есе өсті (2017 жылы – 196,7 мың адам, 2000 жылы – 130,9 мың адам).

2017 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі орташа айлық жалақы 167 792 теңгені құрады, бұл тау-кен өндіру секторына қарағанда 2 есе аз.

3-диаграмма. Өңдеу және тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының 2010-2017 жылдардағы рентабельділік (шығындылық) серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы

Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының рентабельділігін талдау олардың қаржылық тұрақтылығы жеткілікті түрде тұрақты емес екенін көрсетті. Мәселен, соңғы 10 жылда, 2009 жылдан бастап рентабельділік деңгейі 16,2%-тен аспады (2011 жыл), ал 2015 жылы тіпті теріс мән тіркелді (-6,2%).

1-Кесте. 2010-2019 жылдардағы жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі

	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, орны	67	72	72	51	50	50	42	59	59	55

Дереккөз: Дүниежүзілік экономикалық форум

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингінде 140 елдің ішінде 55-орынға ие болды, бұл 2018 жылғы деңгейден 4 позицияға жоғары, бірақ 2016 жылға қарағанда 13 позицияға төмен.

Жалпы, Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша Қазақстанның ұлттық экономикасының 2010-2019 жылдардағы бәсекеге қабілеттілігі оң трендке ие. Мәселен, 2011-2012 жылдары Қазақстан 140 елдің арасында тек 72-орынды иеленді.

2015 - 2019 жылдар аралығында республика 249,9 млрд. АҚШ долларына тауарлар мен қызметтерді экспорттады, олардың 73,2 млрд. АҚШ доллары немесе 29,3%-і отандық өңдеу өнеркәсібінің өнімдерінен тұрады. 2015-2019 жылдары 49 жаңа тауар позициясы экспортталды, өңдеу өнімдерін өткізудің 17 жаңа нарығы ашылды. Қазақстандық экспорт үшін өткізу елдерінің тізбесі 2015 жылдан бастап 2019 жылы 112-ден 131-ге дейін ұлғайды.

Сонымен қатар, Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі есепке сәйкес 2015-2019 жылдар кезеңінде өңдеу өнеркәсібі экспортының құрылымы өзгерген жоқ, 60%-тен астамы бұрынғысынша түсті металлургия өнімдерінің үлесі басым металлургия өнеркәсібіне тиесілі.

1990-2014 жылдар аралығындағы экспортты дамыту бойынша ағымдағы ахуалды талдау әлемдік нарықтағы шикізат жағдайына тәуелділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақстанның экспорт құрылымында қосылған құны жоғары тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің үлесі төмен болып қалуда.

Өртараптандырылмаған экспорттық қоржын ел экономикасына теріс әсер етуі мүмкін елеулі баға шоқтары үшін жағдай жасайды.

Өңделген тауарлар экспортының үлес салмағы оң өсу серпініне ие, егер 2011 жылы үлес 24%-ті құраса, 2019 жылы үлес 30%-ті құрады.

Өңірлер бөлінісінде өңдеу өнеркәсібі экспортының серпіні ИИДМБ іске асыру кезеңінде мұнай өңдеу өнімдерінің экспорты көлемінің 80%-ке төмендеуі салдарынан өңдеу өнеркәсібі экспортының үлесі 6 өңірде, соның ішінде: Шығыс Қазақстан облысы 512,2 млн. АҚШ долл.; Оңтүстік Қазақстан облысы 370,5 млн. АҚШ долл.; Қостанай облысы 39,0 млн. АҚШ долл.; Ақмола облысы 20,72 млн. АҚШ долл.; Маңғыстау облысы 49,85 млн. АҚШ долл.; Нұр-Сұлтан қ. 310,8 млн. АҚШ долларын құрады.

Экспорттың жалпы құрылымындағы өңделген тауарлардың үлесі оң серпінді көрсеткеніне қарамастан, құндық мәнде тауарлардың осы санатының экспорты құлдырауға тұрақты үрдіске ие. Мұндай тренд индустриялық-инновациялық даму бағдарламасында басым болып табылатын көптеген салаларда көрініс тапты.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Статистика жөніндегі уәкілетті орган stat.gov.kz сайтында өңірлер бөлінісінде Қазақстан Республикасының шикізаттық емес экспортының статистикалық көрсеткіштерін жаңартты.

«ИТП» ДКҚ 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №586 төлем тапсырмасымен «Алатау ГВА қоры» филиалына 110,0 млн.теңге сомасында қаржылық көмекті

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

қайтару жүзеге асырылды.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

1. Аудитпен қамтылған 125 129,9 млн. теңге сомасындағы қаражат көлемінен 146,6 млн. теңгеге қаржылық бұзушылықтар, 78 рәсімдік бұзушылықтар, 7 180,9 млн. теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану фактілері анықталды.

2. Нәтижелілік үшін жауапкершіліктің төмендеуі, тарихи деректердің жоғалуы, сабақтастықтың болмауы, мемлекеттік органдардың бағдарламалық құжаттарды іске асыру процесіне тартылуының төмендеуі сияқты қазіргі жүйелік кемшіліктер мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарын жиі құрылымдық қайта ұйымдастырудың салдары болып табылады.

3. Мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің қолданыстағы процестері жеткілікті түрде жүйеленбеген, бірыңғай шоғырландыру тетігі жоқ, бұл бюджеттік инвестициялардың тиімділігін төмендетеді, мемлекеттік қолдау шараларын алу рәсімін қиындатады.

4. Өңдеу өнеркәсібі өнімдері экспортының құндық көлемінің өсуі (*іс жүзінде - 119% жоспар кезінде 108,5%*) және өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінің нақты өсуі (*іс жүзінде - 111,7% жоспар кезінде – 122%*) бөлігінде ИИДМБ 2 нысаналы индикаторына қол жеткізілген жоқ. Бір нысаналы индикаторға 2015 жылы қол жеткізілді. Ресми статистика деректерінің ресми статистиканың кеш қалыптасуына байланысты нысаналы индикаторлардың есепті шамалары бойынша айырмашылықтары бар.

5. 2016 жылы Мемлекеттік бағдарламаны түзету барысында оның бастапқы параметрлері айтарлықтай қысқарды (нысаналы индикаторлар 6-дан 4-ке дейін, міндеттер 6-дан 4-ке дейін, іс-шаралар - 313-тен 87-ге дейін). Республиканың стратегиялық даму жоспарының көрсеткіштері мен индикаторлары және ИИДМБ нысаналы көрсеткіштері әртүрлі базалық кезеңдерде қолданылды, бұл осы көрсеткіштерді салыстыруды қиындатады. Жекелеген міндеттер мен іс-шаралардың өзге мемлекеттік бағдарламаларда қайталануы байқалады.

6. Жалпы, ҮИИДМБ әзірлеу кезінде мемлекеттік жоспарлау Жүйесі туралы заңнаманың талаптары толық көлемде сақталмаған. Мәселен, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің кешенділігі, салааралық сипаттағы мәселелерді шешу деңгейін, дәрежесін көрсету бөлігінде олардың сипаттамалары тиісті деңгейде қамтамасыз етілмеген. ИИДМБ ұсынылған иерархиясының салыстырмалы талдауы барлық компонент арасындағы өзара әрекеттесудің жеткіліксіз екенін көрсетті.

7. 87 іс-шараның 13-і немесе 15%-і нысаналы индикаторларға тікелей әсер етеді. Міндеттерді іске асыруда нәтижелер көрсеткіштерін орындаудың жоғары нәтижелілігі кезінде нысаналы индикаторларға төмен қол жеткізу байқалады (*4-тен 2*).

8. Екі түрлі мемлекеттік бағдарламаның жекелеген мақсаттарының, міндеттері мен іс-шараларының қайталанатынын атап өту қажет. ИИДМБ іс-

шаралар жоспарын әзірлеу кезінде, тиісінше, мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдарсыз, аяқталудың нақты кезеңінсіз 50 декларативтік іс-шара бекітілді.

9. ИИДМБ іске асыру үшін мәлімделген - 1,3 трлн. теңге қажеттілік кезінде іс жүзінде 765,4 млрд. теңге немесе 57% бөлінді. Аталған үрдіс қолданыстағы ИИДМБ-да (2020-2025) сақталған, онда мәлімделген 1,6 трлн. теңге шығындары кезінде 780,8 млрд. теңгеге қолдау тапты.

10. ИИДМ-нің жекелеген функциялары (2020-2025 жылдарға арналған Тұжырымдама мен Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу, декомпозиция схемасы, Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу және бағалау) ведомстволық бағынысты ұйымға («ҚазИндастри» АҚ) берілді.

11. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу шеңберінде 483,2 млрд. теңге мәлімделген қажеттілік кезінде «ҚДБ» АҚ барлығы 172,0 млрд.теңгеге жобаларды қаржыландырды. Бұл ретте Даму Банкі бюджет қаражатын басым пайдаланды және жоспарланған көлемде нарықтық қарыздарды тартуды жүзеге асырмады, бұл Банктің маржиналдылығын жасанды түрде арттыруға мүмкіндік берді.

12. «ИТП» ДКҚ жоспарланған стратегиялық міндеттеріне қол жеткізілген жоқ (жоспар бойынша 1 160 стартап кезінде, іс жүзінде 118 стартап инвестицияланды немесе 10,1%; 4 250,0 млн.теңге сомасындағы жеке венчурлік инвестицияларды тартудың жалпы мөлшері тұтастай орындалмаған). Инвестициялар және даму министрлігінің 3,1 млрд.теңге сомасындағы нысаналы аударымдары есебінен «ИТП» ДКҚ құрған Технологияларды дамыту орталықтары (4 бірлік) тиімсіз және олардың алдына қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етпейді.

13. Жеке инвестицияларды тарту жөніндегі келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда «Алатау қоры» компаниясына құрылған венчурлік қорды басқарғаны үшін бюджет қаражаты есебінен 133,7 млн. теңге сомасында төлем жүргізілді.

14. Жер қойнауын пайдаланушылардың 25,5 млн. теңге сомасындағы қаражаты «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексті бұза отырып, стартаптарды қаржыландыруға бағытталды. Жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми зерттеулерге тапсырыс беруші ретінде қатысуы бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру тәртібін регламенттейтін құжаттардың нормалары орындалмайды, бұл ретте орындаушыларды таңдау субъективті өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады.

15. Жер қойнауын пайдаланушылар қаражаты есебінен ҒЗТКЖ қаржыландыру бойынша рәсімді жүзеге асыру барысында «ИТП» ДКҚ-ның жоба бағасының негізділігін тексеру, жұмысты қабылдау және жұмыс нәтижелерінің енгізілуін мониторингілеу бөлігінде міндеттерін жер қойнауын пайдаланушылардың өздері орындайды.

16. «ИТП» ДКҚ-ның 3 633,1 млн. теңге сомасындағы қаражаты 2020 жылы «Tengri Bank» АҚ-ның шотына орналастырылды, 2019 жылы ҚР Қаржы нарығын

реттеу және дамыту агенттігі лицензиясынан айырылған және кейіннен таратылған Банкке қатысты қабылдаған санкцияларға қарамастан, қаражат қайтарылмады.

17. Заңнамада бюджет қаражатын дағдарысқа қарсы шараларға жатқызу өлшемшарттары көзделмеген, бұл дағдарыс кезеңіндегі іс-шаралардың тиімділігіне, негізділігіне және орындылығына теріс әсер етеді. Сондай-ақ, алушыларға активтерді дұрыс басқармау салдарынан туындаған негізінен теріс қаржылық салдарды жабуға бағытталған бейінді емес шығыстарды жүзеге асыру үшін заңнамадағы олқылықтарды пайдалануға «мүмкіндік» береді.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар

1. Есеп комитетінің отырысында Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген аудит материалдары қаралсын.

2. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жеткілікті түрде пысықталмағаны және іске асырылмағаны атап өтілсін.

3. Есеп комитеті анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою, сондай-ақ оларды кейіннен ҚР индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезінде болдырмау мақсатында **Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

1) мыналарға:

- «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына мынадай:

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының барлық сатысы бойынша нысаналы индикаторларды декомпозициялаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеу;

есептік ақпаратты қалыптастыру және ұсыну, жиынтық есепті жасау үшін нақты (ұлғайту) мерзімдерді белгілеу, сондай-ақ уәкілетті органдардың-жауапты орындаушылардың мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруы бойынша, соның ішінде бағдарламалық құжаттар параметрлерінің теріс серпіні кезінде уақтылы шаралар қабылдау арқылы мониторинг пен бақылаудың сапасын арттыру;

мемлекеттік органдардың ағымдағы шығыстарын мемлекеттік бағдарламаларда қаржыландыру практикасын алып тастау бөлігінде;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына мынадай:

нысаналы индикаторлардың Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының ұлттық индикаторларының жоспарлы мәндерімен І-деңгейдегі хат-хабарын қамтамасыз ету;

барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық компаниялар үшін нақты жай-күй мен серпінді дамуды көрсететін нақты параметрлерді белгілей отырып, экономика салалары

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

бөлінісінде мақсаттардың, нысаналы индикаторлардың, міндеттердің, нәтижелер көрсеткіштерінің декомпозициясы бөлігінде өзгерістер енгізу;

2) әлеуметтік-экономикалық әсерді айқындау және тиісті мониторинг пен есепті қамтамасыз ету мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын алушылар үшін статистикалық есептілік нысанын әзірлеуді қамтамасыз ету;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне құрылтай құжаттарымен жүктелген мемлекеттік тапсырмалар шеңберіндегі функцияларды аутсорсингке беруін шектеу жөніндегі мәселені қарау;

4) «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы Заңға жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға сәйкес қатысушылардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық жұмыстарын және (немесе) жобаларын жыл сайын қаржыландыру жөніндегі міндеттемені орындау шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы жіберген ақша есебінен «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қорында мүлікті қалыптастыруға қатысты нормаларды алып тастау бөлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау;

5) Қойылған стратегиялық міндеттерге қол жеткізудің қолайсыз деңгейіне, құрылған технологиялық орталықтардың әрекетсіздігіне, венчурлік қор мен стартаптардың тиімсіздігіне, қаржы-шаруашылық қызмет саласындағы жол берілген бұзушылықтарға байланысты «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі:

1) 2021 жылғы 1 наурызға дейін мемлекеттік аудит барысында белгіленген заңнама бұзушылықтарына жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау бойынша;

2) 2021 жылғы 19 ақпанға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен жасалған 2020 жылғы 25 мамырдағы купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған шартқа тасымалдаушының қаржылық жағдайын ескере отырып, купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін төлеуге арналған тасымалдаушының шығыстарын жыл сайын қайта қарау және тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген сома шегінде субсидиялауды қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер енгізу бойынша шаралар қабылдасын;

5. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі 2021 жылғы 6 желтоқсанға дейінгі мерзімде құны 1 837,0 млн. теңгелік жабдықтар кешені бар электромагнитті жаңғырықсыз камераны тиісінше және экономикалық тұрғыдан орынды орналастыру, оны толық жабдықтау және тиімді пайдалану жөнінде шаралар қабылдасын.

6. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 2021 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры Басқарушы комитетінің қарауына:

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын қорытынды бағалау, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражаттың пайдаланылу тиімділігіне аудит жүргізу

1) Басқарушы комитеттің 2017 жылғы 19 шілдедегі шешімімен (№7 хаттама) бекітілген «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры Атқарушы комитетінің мүшелеріне сыйлықақы төлеу тәртібі мен шарттарына, сондай-ақ сыйлықақы мөлшерін есептеу әдістемесіне бас директордың шешімі негізінде Атқарушы комитет мүшелеріне сыйлықақы беруді алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізу;

2) «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры бас директоры орынбасарларының лауазымдық жалақыларының жоғарғы және төменгі шектерін бекіту;

3) Басқарушы комитеттің 2015 жылғы 12 қыркүйектегі (№2 хаттама) шешімімен бекітілген «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері қатысушыларының жобаларына сараптама жүргізу қағидаларына алдын ала төлем (аванс), өсімпұл мөлшерін және жұмыстарды қабылдау шарттарын айқындай отырып, үлгілік шартты енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу туралы мәселелерді ұсынсын.

7. «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры:

1) 2021 жылғы 1 ақпанға дейін «Tengri Bank» АҚ-дағы шотқа орналастырылған 3 633,1 млн. теңге сомасындағы қаражатты қайтару бойынша іс-шаралар жоспарын ұсынсын;

2) 2021 жылғы 1 шілдеге дейін №1 кестеге сәйкес құрылған технологиялық дамыту орталықтарының тең құрылтайшыларының жарғылық капиталға салымдар енгізуі жөнінде шаралар қабылдасын.

8. «Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы» акционерлік қоғамы 2021 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде инновациялық гранттар беру шарты бойынша аударылған сомасы 35,2 млн. теңге қаражатты «Транстелеком» АҚ-ның қайтаруы бойынша шаралар қабылдасын.

9. Есеп комитетінің аппарат басшысы белгіленген тәртіппен 2017 жылы «KAZNEX INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жалпы сомасы 1,4 млн. теңгеге баспа өнімдерін тарату бойынша орындалмаған қызмет көлемі үшін Инвестициялар және даму министрлігінің ақы төлеуі фактісі бойынша мемлекеттік аудит материалдарын процестік шешім қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жіберсін.

Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі, қалпына келтірілген және өтелген қаражат (жұмыстар, тауарлар, көрсетілетін қызметтер) және қалпына келтіруге және өтелуге жататын бұзушылықтар сомасы бойынша ақпарат, сондай-ақ аудиторлық қорытындыға қосымша _____ парақта; №1 кесте.

Есеп комитетінің мүшесі

Р. Ахметов

**Экономиканың нақты секторына
аудит жүргізу бөлімінің басшысы**

Р. Нұрпейісов

Заң бөлімінің басшысы

М. Ахметов

**Экономиканың нақты секторына
аудит жүргізу бөлімі басшысының
орынбасары
(аудит тобының жетекшісі)**

Қ. Ибраев